

## Сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу қағидаларын және оның нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 294 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2016 жылы 27 сәуірде № 13636 болып тіркелді.

"Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 7-тармағына сәйкес **БҰЙЫРЫМЫН**:

1. Мына:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес сынамаларды іріктеу туралы актінің нысанын бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустримальық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.К. Ержанов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Казақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2016 жылғы 29 наурыздағы  
№ 294 бүйрығына  
1-қосымша

## Сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 7-тармағына сәйкес әзірленген және сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидадалар мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалы металдар – кез келген күйдегі және түрдегі алтын, күміс, платина және платина тобындағы металдар (палладий, иридий, родий, рутений және осмий);

2) құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарлары – өндемеген бағалы металдар (оның ішінде, құйма түріндегі Доре қорытпасы, катодты металл), мырыш шөгінділері, бағалы металдардың сынықтары мен қалдықтары, бағалы металдардың кендері мен концентраттары, құрамында бағалы металдар бар түсті металдардың кендері, концентраттары және күлі, түсті металдар өндірісінің жартылай өнімдері;

3) өкілдік сынама (бұдан әрі – сынама) – бағалы металдардың немесе құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларының барлық көлемінің құрамы мен қасиетін сипаттайтын бағалы металдардың немесе құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларының өкілділік бөлігі;

4) уәкілетті орган – бағалы металдарды өндіруді және бағалы металдар мен асыл тастардың құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының, зергерлік және басқа да бүйімдардың айналымын реттеу саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасына сәйкес сараптама жүргізуге аккредиттелген заңды тұлға.

### 2. Сынамаларды іріктеу туралы актіні ресімдеу тәртібі

4. Сынамаларды іріктеу туралы акті техникалық құралмен немесе қара немесе көк түсті сиямен айқын көрінетін жазбамен мынадай күйде толтырылады.

Сынамаларды іріктеу туралы актінің 1-тармағында жалпы мәліметтер көрсетіледі:

Қазақстан Республикасының аумағынан құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларын әкетуге ниетті жеке кәсіпкер немесе заңды тұлғаның атауы;

сынамаларды іріктеген адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы;

сынамаларды іріктеу кезінде қатысқан адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жұмыс орны;

сынамаларды іріктеуді жүзеге асыратын нормативтік техникалық құжаттың атауы;

құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларының орналасқан жері;

құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларының бағытталатын маршруты.

Сынамаларды іріктеу туралы актінің 2-тармағында сынамаларды іріктеу туралы шарты және қолданылған техникалық құрылғы туралы мәліметтер толтырылады.

Сынамаларды іріктеу туралы актінің 2-тармағында іріктелген сынамалар туралы мәліметтен тұратын кесте толтырылады:

1-бағанда – іріктелген сынаманың реттік нөмірі;

2-бағанда – құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларының атауы;

3-бағанда – іріктелген сынаманың грамдық өлшемдегі салмағы;

4-бағанда – сынаманың жеке нөмірі;

5-бағанда – қаптама түрі.

Сынамаларды іріктеу туралы актінің 4-тармағында тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және лауазымы көрсетілген қатысушы адамның ескертулері туындаған жағдайда белгіленеді.

Сынамаларды іріктеу туралы актінің 5-тармағында мыналар қойылады:

қатысушы адамдардың, сондай-ақ сынамаларды іріктеу туралы актіні дайындаған адамның лауазымдары, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіле отырып қолдары қойылады;

сынамаларды іріктеу туралы актіні дайындау күні;

Қазақстан Республикасының аумағынан құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларын әкетуге ниетті жеке кәсіпкер немесе заңды тұлғаның мөрі;

сынамаларды іріктеу туралы актінің данасын алған адамның қолы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және дананы алған күні көрсетіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – КР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.04.2023 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

5. Сынамаларды іріктеу актісі үш данада дайындалады:

бірінші данасы – Қазақстан Республикасының аумағынан құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларын әкетуге ниетті жеке кәсіпкер немесе заңды тұлғаға ұсынылады;

екінші данасы – уәкілетті үйымға ұсыну үшін;

үшінші данасы – уәкілетті органға ұсыну үшін.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.04.2023 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Казақстан Республикасы  
Инвестициялар және  
даму министрінің  
2016 жылғы 29 наурыздагы  
№ 294 бұйрығына  
2-қосымша

Нысан

### **Сынамаларды іріктеу туралы акті**

**Ескерту. Нысан жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 12.04.2023 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_

1. \_\_\_\_\_.

Қазақстан Республикасының аумағынан құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларын әкетуге ниетті жеке кәсіпкер немесе заңды тұлғаның атауы

---

сынамаларды іріктеген адамның тегі, аты, әкесінің аты  
(болған жағдайда), лауазымы

қатысуымен

жұмыс орны, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы сынамаларды іріктеу

туралы актінің ресімдеу қағидасына және құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларының сынамалардың іріктеу нормасын олардың өкілділігін қамтитын ең аз көлемдегі санын белгілейтін

---

нормативтік техникалық құжаттың атауы  
нормативтік техникалық құжатқа сәйкес, \_\_\_\_\_  
мемлекетінен мемлекетіне бағытталған,

---

уақытша сактау қоймасында, вагонда, т.б.

орналасқан құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларына сынамаларды

іріктеу жүргізілді.

2. Сынамаларды іріктеу \_\_\_\_\_ және  
бұлтты/ашық күнді ауа райында  
жағдайында жүргізілді.

табиғи/жасанды жарықтандыру кезінде

### Сынамаларды іріктеу кезінде

техникалық куралдың атавы техникалық куралы қолданылды.

3. Осы акті бойынша құрамында бағалы металдары бар шикізат тауарларының сыйнамалары іріктелді:

№ р/н	Құрамында бағалы металдарды бар шикізат тауарларының атаяуы	Сынаманың салмағы, грамм	Сынаманың жеке нөмірі	Орай түрі
1	2	3	4	5

4. Қатысқан адамның ескертуі: \_\_\_\_\_  
ескертуудің мазмұны, ескерту

адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы

#### 5. Акт уш данада дайындалды.

Қатысқан (болған) адамдардың қолдары:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы қолы

## Актіні дайындаған:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы қолы

МО 20 ж." "

## актіні дайындау күні

Осы актінің данасын алдын:

тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы қолы